

- тематические дни и устные журналы, посвященные отдельным животным или группе животных, освещающие разные различные стороны и особенности их биологии, поведения, содержания в зоопарке и сохранения в природе;

- показ тематических видеofilьмов, абонементный прокат фильмов о природе;
- выездные лекции со слайдами, видеofilьмами или живыми животными.

Одним из приоритетных направлений деятельности Карагандинского зоопарка должно стать экологическое просвещение и образование населения.

Природоохранная задача зоопарков состоит не только в содержании и разведении диких животных, особенно редких и исчезающих, но и в воспитании у населения бережного, гуманного отношения к животному миру. Это особенно важно для нашей страны, огромные просторы которой часто заслоняют в сознании людей хрупкость природы и необратимость ее потерь.

В условиях большого города вырастает поколение, настолько оторванное от природы, что у некоторых людей появляется ощущение, что они смогут жить, даже если она погибнет. Они забывают, что сами являются частью природы. Это пагубное заблуждение, которое необходимо искоренять, начиная с младшего возраста. Именно в этом суть экологического воспитания.

Карагандинский зоопарк должен стать Центром природоохранного просвещения. В зоопарке должны осуществляться специально разработанные программы, ориентированные на различные возрастные и профессиональные группы населения. Они призваны знакомить слушателей с природой и ее способами ее сохранения. Уникальность зоопарка заключается в том, что это единственное место, где сконцентрировано большое количество животных. Это делает его ценнейшей базой для проведения научных исследований, как специалистами зоопарка, так и сотрудниками научных институтов и центров.

Таким образом, роль зоопарка в экологическом просвещении населения чрезвычайно важна, поскольку из всего мира живой природы наиболее эмоционально ярко и неравнодушно человек воспринимает последних, что сказывается на формировании экологической культуры посетителей. Поэтому в нашем городе должен быть создан большой современный Зоопарк соответствующий мировым стандартам, привлекательный для жителей и гостей нашей республики, способный в полной мере выполнять просветительные, научные, природоохранные и рекреационные задачи – стать звеном в системе охраны природы, учебным центром и комплексной научной лабораторией.

Литература

1. Закон Республики Казахстан от 7 июля 2006 года № 175-III «Об особо охраняемых природных территориях» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 20.07.2017 г.)
2. Концепция по переходу Республики Казахстан к «зеленой экономике». Указ Президента Республики Казахстан от 30 мая 2013 года № 577
3. План управления Карагандинского государственного зоологического парка на 2016-2020 годы

**Тусупбаева Б.С., э.ғ.м., аға оқытушы (Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ)
Өмірбек Е, Зкурс студенті (Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ)**

«ЖАСЫЛ» ЭКОНОМИКАҒА ӨТУДЕГІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жасыл экономикаға өту үшін қомақты қаржыландыру қажет, яғни мемлекеттік саясат пен инновациялық механизмдерді қаржыландыруды жұмылдыру. Қолдаушы мемлекеттік қаржыландыру және саясат, капиталды нарықтардың көгалдандырылуы, нарықтық құралдардың даму эволюциясы жасыл экономикаға бағдарлану кең ауқымды қаржыландыруға мүмкіндік береді. Алайда, бұл ағындары жалпы көлеммен салыстырғанда үлкен емес және ол болашақта тиімді өту үшін оларды тез арада ұлғайту

қажет. Мемлекеттік қаржылық институттар меншігіндегі ұзақ мерзімді инвесторлармен басқарылатын қорлар сияқты концентратты активтер, даму банктері мен дербес қорлар, сондай-ақ кейбір зейнетақы қорлары мен сақтандыру компаниялары ұлттық және жаһандық деңгейде экономикалық дамытуда маңызды рөл атқаратын болады. Жасыл экономикаға өтуде қаржы ағындарын жұмылдыру кезінде пайда болатын мәселелердің ауқымдығына дәлелдер бар. Мысалы, ЮНЕП «Жасыл экономика» баяндамасында жасалған талдауға сүйенсек, 2050 жылға дейін жасыл экономика өтудегі қаржыландыру жаһандық ЖІӨ 2 пайызы қажет (бұл 1 жылда 1,3 триллионды АҚШ долларды құрайды). Басқа зерттеушілердің берген бағалары ұқсас. «Қоңыр экономикадағы» саяси реформалар арқылы капиталды тиімсіз пайдаланудан бас тарту, біріншіден, қазба отындарын алу үшін ескірген субсидияларды және «жасыл» салықтарды енгізуді жою бұл жасыл экономикаға өтуді қолдауға бағытталған капиталдың өсуіне және мінез – құлықтың өзгеруіне алып келеді. Осыған қарамастан, экономиканың тиімді өзгеруіне қажетті үлкен қаржылық ағындар болашақта көбінесе жеке болып болады, өйткені жаһандық және ұлттық нарықтардағы жеке капиталды, саяси реформалар арқылы мүмкін алынатын максималды табысты және көптеген дамыған мемлекеттердегі қаржылық мәселелердің өсуі масштабтарын ескерген жөн. Сондықтан да, коммерциялық өмірге қабілетті және субсидиясыз жасыл экономиканы қаржыландыру үшін саясат пен реттеу саласындағы реформалар капитал нарығындағы ынталандыру мен тәуекелдерді ысырып тастау керек. «Жасыл экономикаға» өту сату құрылымының өзгеруіне алып келеді. Осындай қайта құрулар дамушы елдерге экспорттауға жаңа мүмкіндіктерді ашатын потенциалды экономикалық пайдаларды алып келеді. Экологиялық тауарлар мен қызметтердің өсуі, әсіресе 1990 жылдардың ортасында тауар экспортының, сондай-ақ ЖІӨ өсуінен жоғары. Алайда, Қытайда, Үндістанда және Бразилияда бұл саланы белсенді дамытқанымен, экологиялық тауарлардың көбісі дамыған мемлекеттерде өндіріледі. Қорғаушылық шаралар, яғни дамыған мемлекеттердің техникалық стандарттар мен субсидияларды қолдану, сондай-ақ халықаралық сауда ережелер негізіндегі саясаттағы шектеулер дамушы елдерге өзінің «жасыл» экспортын дамытуға мүмкіндік бермейді деген қауіп бар. Экологиялық тауарлар мен қызметтермен байланысты жеке салалардың дамуы дамушы елдердің елдердің қызығушылықтарына сәйкес. Халықаралық инвестиция режиміндегі 2700 астам екі жақтық инвестициялық келісім - шарттар, еркін саудадағы келісімдердің өсуінің инвестициялық жағдайлар қосымша мәселелерді туындатады. Ең алдымен, бұл келісімдер мемлекеттерге «жасыл» экономикаға өтудегі «қалайтын» және «қаламайтын» инвестиция түрлерін ажыратуға көмектеспейді. Жеке сектордың әділдік және теңдік қағидаларын бұза отырып, олардың инвестицияларын қолдану міндеттілігін көрсететін жаңа экологиялық ережелерді қолданудағы келісімдер шегіндегі келіспеушіліктерді реттеу механизмдерін қолдану соңғы он жылда маңызды мәселе болып келеді. БСҰ келісім саудамен байланысты инвестициялық шаралар және инвестициялық келісімдердің көбісі инвестициялық қызметті жүзеге асыруға қойылатын талаптарға тыйым салады. Алайда, бұл талаптар экономиканы «көгалдандыруға» мүмкіндік беруші еді. Осыған байланысты, инвестиция саласында, сондай-ақ субсидияларға «жасыл экономикаға» өту мақсатында инвестицияларды реттеу ережелерін анықтайтын жаңа халықаралық келісім қажет. Жасыл экономиканы қаржыландыруды жұмылдыру мәселесі жасыл инвестициялар, сондай – ақ басқа да типтегі инвестициялар, экономика секторларын, мемлекеттердің немесе басқа критерийлерге байланысты өзгерістердің, қаржылық және қаржылық емес факторлармен анықталынады. Қаржылық секторлар ойынша пікірлер мен дәлелдемелердің өсуі және ЮНЕП жүзеге асыратын немесе қолдайтын шараларды қосқанда халықаралық үрдістер жасыл инвестициялар келесі кедергілерге тап болатынын көрсетеді:

1. Қалыптасатын энергия көздері және энергия тиімділік, транспорт, су ресурстары, орман шаруашылығы және санитарлық жағдайларды жақсарту сияқты жасыл секторларда жұмыс орындарын құруды және дамытуды қолдайтын инфрақұрылымды

жобаларға жеке инвестицияларды беру тәуекелділігін төмендететін нарықтық, институционалдық және саяси кемшіліктер немесе кедергілер;

2. Нәтижесінде жасыл экономиканың ұзақ мерзімді өтімділігі және тәуекелдердің жоғары болуы, мысалы, климатқа, технологиялық анықсыздыққа және «табысты емес» жасыл жобалар туралы ақпараттың болмауы, толықтай ақпараттандырылмауға қатысты болашақ саясаттың анықсыздығы (мысалы, инфрақұрылым немесе ғимарат сияқты үнемді энегиятиімді шешімдері бар жеке активтерге салынатын инвестициялар).

3. Сыртқы шығындардың саяси және реттеушілік шаралардың болмауы, мысалы, көмірқышқыл газының бөлінуі бойынша төлем саясатының әлсіздігі немесе мүлдем болмауы, экожүйесіндегі қызметтердің және биотүрлерінің құнының бағалары мен көрсеткіштердің болмауы, ұзақ мерзімді тұрақтылық туралы есеп берулерді және ақпараттарды ашудағы міндетті талаптардың аз болуы, ал бұл қаржылық сектордағы қысқа мерзімді ойлауды ынталандырады.

Дамушы мемлекеттерде, дамыған мемлекеттерде қаржыландыру әсіресе, жеке инвестицияларға, оның ішінде, капитал қарқындылығы және тәуекелдері жоғары жасыл жобаларға инвестициялар бөлу экономикалық факторлардың теріс әсер етуі қаржылық жүйенің тұрақсыздығынан төмен.

Дамушы және аз дамыған елдерде жоғарыда аталған жасыл экономиканы инвестициялаудағы кедергілерді жою үшін халықаралық инвестициялық бастамаларды, оның ішінде жеке қаржыландыруды дамыту бастамаларын бағыттау. Ел деңгейінде жасыл бастамалар үшін мемлекеттік қаржыландыру және саясат, әсіресе жасыл инфрақұрылымында, негізгі секторларда жұмыс орындарын құруға және жасыл өсуді анықтайтын жеке инвестицияларды кең көлемде тартуда шешуші рөл атқаруы мүмкін екенін атап өту маңызды. Жеке ресурстарды тарту үшін қаржылық сектордағы қысқа мерзімді ойлауды жоюға бағытталған саяси және реттеуші реформаларды, сондай-ақ жасыл салаларға қаржыгерлер мен инвесторлар белсенді қатысуға ынталандыру қолдану қажет. Болашақта жаһанды экономиканы көгалдандырудағы ұзақ мерзімді қажеттіліктерді қаржыландырумен байланысты мәселелерді тиімді шешу үшін келесі жағдайларға аса назар аудару керек:

- Жасыл экономикаға көшу жәрдемдесу үшін мемлекеттік және жеке қаржы институттарының бірге дамыту. Біріншіден, мемлекеттік қаржыландыру кең ауқымды жеке қаржылық ағындарды тартуға бағытталған жаңа ынталарды дамытуға және кеңейтуге мүмкіндік береді, ал жеке қаржылық институттар өз кезегінде ұзақ мерзімді жасыл нарықтарды жігерлендіретін нарықтық ынталарды қалыптастырады. Екіншіден, мемлекеттік қаржыландыру мемлекеттік ресурстарды «қоңыр» экономикадан «жасыл» экономикаға қайта бөле алады, ал жеке қаржылық институттар мемлекеттік ресурстарды экономикадағы қаржылық, экологиялық және әлеуметтік құндылықтарды кеңейтетін және қолдайтын активтерге бағыттайды.

- Дамушы елдердегі энергетика, су, көлік, білім және санитарлық жағдайларды жақсарту сияқты секторларды дамыту және жұмыс орындарын құруға бағытталған бірлескен жасыл инвестициялау бастамаларға, оның ішінде, инфрақұрылымдық жобаларға институционалдық инвесторларды, банктерді және даму бойынша мәселелерге қаржылық институттардың белсенді қатысуын ынталандыру;

- Компанияларды және салаларды компания қызметінің жалпы нәтижелер негізінде, оның ішінде экология және әлеуметтік басқару мәселелер бойынша ақпараттандырылған инвестициялық шешімдерді қабылдауға мүмкіндік беретін міндетті біріккен жүйені қолдануды ынталандыру;

- Қаржылық жүйедегі барлық төрт компоненттегі экологиялық таза және әлеуметтік жауапкершілігі бар басқарудың критерийлерін дамыту және қолдануға ынталандыру: делдалдар, капитал нарығы, инфрақұрылым, рейтингтік агенттіктер және тұтынушылар арасында капиталды бөлуді бекітетін шығармашылық органдар;

- Жасыл инвестициялық ағындардағы жаңа тенденцияларды қадағалау. Қайтарымды энергия көздерінен басқасы, басқа жасыл нарықтардағы капитал ағындардың көлемін анықтау және бақылау.

Көптеген ұйымдар жасыл инвестицияларды өлшеу әдістерін және оларды бақылау құралдарын өңдеумен айналысады. ЮНЕП қаржылық институттармен бірге жоғары көрсетілген барлық мәселелерді шешуге қатысады, көбінесе қаржыландыру саласындағы ЮНЕП бастамасы арқылы (FI), яғни ол дамыған және дамушы елдердегі 200 астам қаржылық мекемелерден тұратын ЮНЕП жаһанды әріптестігі. ЮНЕП бастамасы тұрақты қаржыландыруды және қаржылық, экологиялық және әлеуметтік басқарудың жалпы нәтижесін көрсететін жасыл экономикадағы жобаларды жүзеге асыруға бағытталған жауапкершілігі бар инвестициялауды ынталандырады. Ол жасыл экономика үшін қолайлы ортаны құрудағы қаржылық институттардың белсенді рөлін және лидерлікті ынталандырады. Кейбір жобалар әріптестермен бірігіп жаһандық, аймақтық және ұлттық деңгейде жүзеге асырылады. Келесі мысалды қарастырайық, қаржыландыру саласындағы ЮНЕП Бастамасының жаһандық дөңгелек үстелі барлық листингтік және ірі жеке компаниялар тұрақтылық мәселелерді ескеру керек және өздерінің есеп берулерінде экологиялық және әлеуметтік ақпараттардың болуын талап ететін жаһанды саясатты насихаттайды. ЮНЕП жасыл нарықтағы инвестициялық кедергілерді жоюға бағытталған қаржылық шешімдерді анықтау үшін қаржылық институттар мен әріптестерді тартады. 2012 жылы ақпан айында шығарылған «Сахараның оңтүстігіндегі Африка мемлекеттердегі жаңартылатын энергияны қаржыландыру» баяндамасы және «Инвестициялық мүмкіндіктерді модификациялау және энергия тиімділікті дамыту: қол жетімді мемлекеттік және жеке қаржыландыру тетіктері» атты дайындалып жатқан баяндамалар оған мысал бола алады. ЮНЕП қаржылық бастама жұмысының негізінде ЮНЕП энергетикасын тұрақты дамуын және оның әріптестері бірнеше жобалар және қызмет түрлерінің шегінде энергетиканың тұрақты қаржыландыруды насихаттайды. Мысалы, Бастапқы капитал қоры арқылы ЮНЕП энергетика саласындағы көміртекті шығарылымдарды төмендетудегі «Жасыл экономикаға көшу үшін кең ауқымды қаражат жинау: Қаржылық міндет» атты шараны Азия және Африкадағы кәсіпорындарды қаржыландыру үшін жеке инвестицияларды тартудағы жетекші орын алады. Оның негізгі мақсаты жасыл экономикаға көшу үшін экономиканың негізгі секторларын қайта құрудағы ағымдық және болашақ инвестициялық ағындарды қайта бағыттау болып табылады.

Біздің мемлекетімізде «жасыл экономика» мәселелері жоғарғы басшылықтың қолдаумен жүргізіледі. ҚР Президенті Н.Назарбаев жарлығында үнемі ҚР «жасыл экономикаға» өту жөніндегі тұжырымдамасына сілтеме беріледі. Нақты іс шараларды анықтап қарайтын, жүзеге асыру қабылданған кезде ол еліміздің экономикалық дамуын әлемдік экологиялық талаптарға және стандарттарға негіздеп жасауға мүмкіндік беретін өте үлкен және кешенді құжат болып табылады.

Осы Тұжырымдаманы жүзеге асыру үш кезеңнен тұрады және қолда бар құжаттар бойынша негізделеді: 2013-2020 жылдарға арналған агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағдарламасы «Агробизнес-2020», 2010-2014 жылдарға арналған ҚР ГПФИИР, 2011-2020 жылдарға арналған білімді дамыту мемлекеттік бағдарламасы, территорияларды дамыту бағдарламасы, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын, 2010-2014 жылдарға арналған «Жасыл экономиканы дамыту» салалық бағдарламасы тағы басқа салалық бағдарламалар.

Әдебиеттер

1. Навстречу «зеленой» экономике: пути к устойчивому развитию и искоренению бедности // ЮНЕП. 2011. [Элек- тронный ресурс]. — Режим доступа: <http://www.unep.org/greenconomy/> (Дата обращения: 19.02.15).

2. Егорова, М.С. Практика стимулирования перехода к «зеленой экономике»: международный опыт // Совре- менные научные исследования. Выпуск 1. — Концепт. — 2013. — ART 53333. — URL: <http://e->

konsept. ru/article/706/ — Гос. рег. Эл №ФС 3. Егорова, М.С. Повышение энергоэффективности как ключевое направление сохранения природного капитала России// Фундаментальные исследования. — 2014. — №9 (10). — с. 2265–2269; URL: www.rae.ru/fs/?secti on=content&op=show_ article&article_id=10004577

4. "Қазақстан Республикасының "жасыл" экономикаға көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 496 қаулысы.

Абаев А.А., докторант (Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ)

АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

Ұлттық экономиканың саласының тұрақты дамуының басты бағыттарының бірі – бұл ауыл шаруашылық саласы. Нарықты экономика жағдайында кәсіпкерлік қызметтің дамуы барысында ресурстарды үнемді пайдалану сұраныс пен ұсыныстың ара қатынасы бойынша қалыптасады.

Негізінен мемлекеттік реттеу көпжақтылы үрдіс болып табылады. Нарықты экономика жағдайында ауыл шаруашылығындағы өндіріс пен тұтынуды реттеуден басқа, ауыл шаруашылық саласы экономиканың дамуына негізгі әсер ететін және жеке адамдардың қажеттілігін қанағаттандыратын және азық тәулікпен қамтамасыз ететін басты сфера болып табылады.

Ел басымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылдың 31 қаңтар күні «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан Республикасының халқына арнаған жолдауы ауылдық аумақтар дамуының жаңа бағыттарын анықтады. Жолдауда аграрлық сектордың экономиканың жаңа драйверіне айналуы үшін мынадай міндеттер қойылды:

- субсидияларды бөлу қағидаларын қайта қарастырып, біртіндеп өнімді сақтандыруға көшу;
- бес жыл ішінде 500 мыңнан астам жеке үй шаруашылықтары мен шағын фермерлерді кооперативтерге тартуға мүмкіндік беретін жағдай жасау;
- өнімнің өңдеу сапасын жақсартып, тауарларды сақтаудың, тасымалдаудың және өткізудің тиімді жүйесін құру;
- жерді пайдалану тиімділігін арттыру.

Бұл міндеттер агроөнеркәсіп кешенін дамытудың жаңа мемлекеттік бағдарламасы аясында іске асырылуы баяндалды.

Қазақстан Республикасының «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» заңында агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу азық-түлік қауіпсіздігін, агроөнеркәсіптік кешен өнімі нарықтарының тұрақтылығын қамтамасыз етуге, кәсіпкерліктің тиімді жүйесін құруға, отандық өнімнің бәсекелестік артықшылығын қолдауға, сондай-ақ, өсімдік шаруашылығын, мал шаруашылығын, балық шаруашылығын, ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді және тамақ өнеркәсібін дамыту үшін жағдай жасау арқылы ауыл халқының тұрмыс деңгейін көтеруге, ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті, техникалық жарақтандыру мен басқа да ілеспе қызмет салаларын қамтамасыз етуге, ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталған.

Сонымен қатар бұл заңда агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу:

- агроөнеркәсіптік кешен мен ауылдық аумақтар саласында кредит беруді дамыту;
- агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялау;
- сатып алу және тауар интервенцияларын жүргізу;
- ауылшаруашылық өнімін кепілдендірілген сатып алу бағасы бойынша сатып алу;
- мамандандырылған ұйымдар құру;